

**Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК**

**«ҚАУІПСІЗ БАЛАЛЫҚ ШАҚ – ДЕТСТВО БЕЗ ОПАСНОСТИ»  
атты мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарында өтетін  
балалар қауіпсіздігін арттыру он күндігінің  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Астана, 2024 жыл

## ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Мұғалімдер мен ата-аналар үшін ең бастысы – балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі. Балалардың денсаулығын сақтау, қауіпсіз өмір сүруді қамтамасыз ету, әлеуметтік, техногендік, табиғи және экологиялық қиын жағдайларда балаларды, ата-аналарды, мұғалімдерді қауіпсіз өмір салтын ұстануға үйрету қазіргі заман талабы болып табылады.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары заңнамалық және нормативтік құжаттарға негізделіп жасалады. Балаларға қауіпті және зиянды факторлар, төтенше жағдайлар жайында түсініктерді қалыптастырып, сондай сәттерде өзін-өзі ұстау дағдыларын қалыптастыру қажет.

### **Бағдарламаның өзектілігі**

Балалар мен жасөспірімдердің өмірінде әр түрлі: бейтаныс адамдармен қауіпті қарым-қатынас, жол жүру ережелерінің бұзлуы, қыс мезгіліндегі қауіпті жағдайлар, үйде жалғыз қалу, денсаулыққа қауіпті заттардың қолжетілімдігі т.б. осы сынды жағдайлар болып жатады. Мұндай жағдайлардың соңы қайғылы жағдайларға әкеліп соғуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметінше, 2023 жылы еліміздің жолдарында кәмелетке толмағандардың қатысуымен үш мыңнан астам жол-көлік оқиғасы орын алған. Бұл елдегі жол-көлік оқиғалары статистикасының көрнекті тенденцияларының біріне айналып отыр.

Жол-көлік апаттарының алдын алу үшін балалар жол жүру ережелерін білуі және сақтауы тиіс. Тағы да айта кетерлік жайт, қаржылық сыйақы алу үшін балаларды ұрлау фактілері де жылдан жылға артып келеді. Мұндай қауіп-қатерлер балалардың қауіпсіздігін сақтау үшін әр түрлі шараларды қолдануды қажет етеді.

«ҚАУІПСІЗ БАЛАЛЫҚ ШАҚ – ДЕТСТВО БЕЗ ОПАСНОСТИ» он күндігінің бағдаламасы гуманизм қағидалары негізінде, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып ата-аналармен тәрбиешілердің тығыз байланысы арқылы (Веракса, Комарова, Васильева, 2019) жасалған. Бағдарламада балалардың қауіпсіздігін сақтауға арналған бірнеше іс-шаралар бар.

**Мақсаты:** «ҚАУІПСІЗ БАЛАЛЫҚ ШАҚ – ДЕТСТВО БЕЗ ОПАСНОСТИ» он күндігі аясында мектепке дейінгі тәрбиеленушілер мен орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына баланың жеке қауіпсіздігінің негіздерін, салауатты өмір салты құндылықтарын қалыптастыруға, жол-жүру және өрт қауіпсіздігі ережелері бойынша нұсқаулықтар беру, қоршаған ортаға сәтті бейімделуге бағытталған ойын түрлері мен жағдаяттарды шынайы өмірге модельдеу арқылы қауіпсіз білім беру ортасын құру.

### **Міндеттері:**

- Өмір қауіпсіздігі, салауатты өмір салты жайында балаларға ақпарат беру;
- Балаларға жол жүру, өрт қауіпсіздігі ережелерін ойын түрінде түсіндіру;

- Табиғаттағы маусымдық ерекшеліктер, табиғи апаттар жайында ақпарат беру, алдын-ала сақтану шараларын үйрету;

- Бейтаныс адаммен өзін-өзі ұстау, көшеде өзін қорғау іс-әрекеттерімен танысу;

- Төтенше жағдайлардағы іс-әрекеттер, қауіпті хоббилерден арылуды үйрену.

**Күтілетін нәтижелер:**

Өткізілген іс-шаралар барысында, қатысушылар өмірде болуы мүмкін қауіп-қатерлер жайында толық ақпарат алады, өздігінен оның алдын-алу, одан қорғану шараларын қолдануды немесе ересек адамдардың көмегіне жүгінуді үйренеді. Ата-аналарға балаларының қауіпті жағдайларға түсу барысындағы іс-әрекеттерді жасауды дұрыс үйрету ұсыныстары үйретіледі және ата-анамен бала арасындағы сенімді байланысты қалыптастыру жайында пайдалы кеңестер беріледі.

Он күндік барысында өтетін іс-шаралар туралы ақпаратпен және оның жоспарымен төменде көрсетілген 1 қосымшада (мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында) және 2 қосымшада (орта білім беру ұйымдарында) таныса аласыздар.

**«ҚАУІПСІЗ БАЛАЛЫҚ ШАҚ – ДЕТСТВО БЕЗ ОПАСНОСТИ» онкүндігінің  
ЖОСПАРЫ**

**Өткізу күндері:** 2024 жылғы 12-23 ақпан

**Өткізу орындары:** Астана қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдары

№	КҮНІ	ТАҚЫРЫПТАРЫ	ӨТКІЗУ ФОРМАТЫ	ҚАТЫСУШЫЛАР	ЖАУАПТЫЛАР	НӘТИЖЕСІ
1	12.02.24	«Қауіпсіз балалық шақ – детство без опасности» декаданың ашылу салтанаты	<i>Әдістемелік сағат Танымдық ойын-сауық</i>	Барлық жас топ тәрбиеленушілері, ата-аналар	Меңгерушілер, әдіскерлер, педагогтер мен тәрбиешілер	<b>#Қауіпсізбалалықшақ</b> <b>@bilimastana</b> <b>@astana_adistemelik_ortalyq</b> ақпаратты әлеуметтік желіде орналастыру
2	13.02.24	«Жолда жүру ережесін білесің бе?» жолда жүру ережелерімен таныстыру	<i>Ұйымдастырылған іс-әрекет, квест-ойын</i> «Жол реттеушінің қызықты тапсырмалары»	Ересек топ тәрбиеленушілері	Меңгерушілер, әдіскерлер, педагогтер мен тәрбиешілер	<b>#Қауіпсізбалалықшақ</b> <b>@bilimastana</b> <b>@astana_adistemelik_ortalyq</b> ақпаратты әлеуметтік желіде орналастыру
3	14.02.24	«Баланың тұрмыстағы қауіпсіздігі: электр аспаптары, өткір заттар, ашық терезе, медициналық препараттар» театрландырылған және сюжеттік бейнероликтер	<i>Танымдық ойын әрекеті</i> «Үйдегі қауіпсіздік»	Ортаңғы топ тәрбиеленушілері	Меңгерушілер, әдіскерлер, педагогтер мен тәрбиешілер	<b>#Қауіпсізбалалықшақ</b> <b>@bilimastana</b> <b>@astana_adistemelik_ortalyq</b> ақпаратты әлеуметтік желіде орналастыру

4	15.02.24	«Көшедегі қауіпсіздік тәртібі» әлеуметтік акция	<b>Челлендж (әлеуметтік бейнеролик)</b> «Бейтаныс адамды кездестіргенде мен....»	Мектепалды топ тәрбиеленушілері, ата-аналар	Меңгерушілер, әдіскерлер, педагогтер мен тәрбиешілер	<b>#Қауіпсізбалалықшақ @bilimastana @astana_adistemelik_ortalyq</b> ақпаратты әлеуметтік желіде орналастыру
5	16.02.24	Мектеп жасына дейінгі балалардың гигиенасы: балаларға арналған ережелер және ата-аналарға кеңес	<b>Сахналық қойылым</b> «Анау бала қолын қара!»	Ересек топ тәрбиеленушілері	Меңгерушілер, әдіскерлер, педагогтер мен тәрбиешілер	<b>#Қауіпсізбалалықшақ @bilimastana @astana_adistemelik_ortalyq</b> ақпаратты әлеуметтік желіде орналастыру
6	19.02.24	«Экскурсия кезінде қауіпсіздік тәртібін сақтау ережелері» қауіпсіздік туралы нұсқама	<b>Танымдық саяхат</b> «Мен экскурсоводпын»	Барлық жас топ тәрбиеленушілері	Меңгерушілер, әдіскерлер, педагогтер мен тәрбиешілер	<b>#Қауіпсізбалалықшақ @bilimastana @astana_adistemelik_ortalyq</b> ақпаратты әлеуметтік желіде орналастыру
7	20.02.24	Балаларға арналған кибергигиена: балаларға интернет қауіпсіздігін қалай үйрету керек	<b>Интеллектуалдық ойын</b> «Дымбілместің шымшытырық оқиғалары»	Мектепалды топ тәрбиеленушілері	Меңгерушілер, әдіскерлер, педагогтер мен тәрбиешілер	<b>#Қауіпсізбалалықшақ @bilimastana @astana_adistemelik_ortalyq</b> ақпаратты әлеуметтік желіде орналастыру
8	21.02.24	«Балалар, дос болайық» балалар ұжымында ерте буллингтің алдын алу	<b>Квест-ойын, дидактикалық ойындар</b> «Мейірімділік қадамдары»	Мектепалды топ тәрбиеленушілері	Меңгерушілер, әдіскерлер, педагогтер мен тәрбиешілер	<b>#Қауіпсізбалалықшақ @bilimastana @astana_adistemelik_ortalyq</b> ақпаратты әлеуметтік желіде орналастыру
9	22.02.24	«Дені сау ата – аналардені сау балалар» ата-аналардың балалармен бірлескен іс-шарасы	<b>Сурет көрмесі</b> «Зиянды және пайдалы өнімдер!»	Барлық жас топ тәрбиеленушілері, ата-аналар	Меңгерушілер, әдіскерлер, педагогтер мен тәрбиешілер	<b>#Қауіпсізбалалықшақ @bilimastana @astana_adistemelik_ortalyq</b> ақпаратты әлеуметтік желіде орналастыру

10	23.02.24	«Қауіпсіз балалық шақ – детство без опасности» он күндігінің жабылу салтанаты	<b>Фестиваль</b> <i>Онкүндіктің қорытындысы, қатысушыларды марапаттау; 7 минуттық бейнеролик; Әлеуметтік желіде ақпаратты орналастыру және «Елордалық білім» газетіне мақала.</i>	Барлық жас топ тәрбиеленушілері, ата-аналар	Меңгерушілер, әдіскерлер, педагогтер мен тәрбиешілер	<b>#Қауіпсізбалалықшақ @bilimastana @astana_adistemelik_ortalyq</b> ақпаратты әлеуметтік желіде орналастыру
----	----------	---	--	---	--	--